Балқаш қаласындағы шетелдіктер үшін арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 11/93 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 8 қаңтарда № 6547-09 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2025 жылғы 27 наурыздағы № 20/196 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 27.03.2025 № 20/196 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) Балқаш қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Балқаш қаласында шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелері қаладағы жатақханаларды, қонақ үйлерді, жалдамалы тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болған әрбір тәулік үшін – айлық есептік көрсеткіштің 0,5 (нөл бүтін, оннан бес) мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қалалық мәслихат төрағасы *А. Муслымов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК